



БҰЙРЫҚ

2018 н. 29 мамыр
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *212*
город Астана

**«Еңбек ресурстарын дамыту орталығы»
акционерлік қоғамының 2017 жылға
жылдық қаржылық есептілігін бекіту
және таза табысын бөлу туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына және 178-бабының 3-тармағына, «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 19 хаттамасына, «UNY SAPA Consulting» ЖШС тәуелсіз аудитторының есебіне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2018 жылғы 25 мамырдағы № КГИП-5-3901-КГИП-2014 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) жылдық қаржылық есептілігі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамының 2017 жылдың қорытындысы бойынша алынған 209 333 теңге (екі жүз тоғыз мың үш жүз отыз үш теңге) 43 тиын мөлшеріндегі таза табысының 100 (жүз) пайызы Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеу үшін республикалық бюджет кірісіне аударылсын.

3. 2017 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері 1 (бір) теңге 64 тиын болып бекітілсін.

4. Қоғамның президенті:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде:

дивидендтерді Қоғам акцияларының мемлекеттік пакетіне республикалық бюджетке аударуды қамтамасыз етсін;

электрондық есепті қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу жөніндегі ұйымға жіберуді қамтамасыз етсін;

оны бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын;

2) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Қоғамының 2017 жылға жылдық қаржылық есептілігі мен аудиторлық есебін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Қаржы департаментіне жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады және қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау вице -министрі**



Н. Әлтаев



БҰЙРЫҚ

29 маусым 2018 ж

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

212

город Астана

**Об утверждении годовой финансовой
отчетности и распределении чистого
дохода акционерного общества
«Центр развития трудовых ресурсов»
за 2017 год**

В соответствии с подпунктом 3) пункта 2 статьи 177 и пунктом 3 статьи 178 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», подпунктами 7) и 8) пункта 1 статьи 36 Закона Республики Казахстан от 13 мая 2003 года «Об акционерных обществах», решением Совета директоров акционерного общества «Центр развития трудовых ресурсов» от 16 мая 2018 года № 19, отчетом независимого аудитора ТОО «УНУ САРА Consalting» и письмом Комитета государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан от 25 мая 2018 года № КГИП-5-3901-КГИП-2014, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить годовую финансовую отчетность акционерного общества «Центр развития трудовых ресурсов» (далее – Общество) согласно приложению к настоящему приказу.

2. Чистый доход Общества в размере 209 333 (двести девять тысяч триста тридцать три) тенге 43 тиын, полученный по итогам 2017 года в размере 100 (сто) процентов перечислить на выплату дивидендов на государственный пакет акций Общества в доход республиканского бюджета.

3. Утвердить размер дивидендов по итогам 2017 года в расчете на одну простую акцию Общества 1 (один) тенге 64 тиын.

4. Президенту Общества:

1) в течение десяти календарных дней со дня подписания настоящего приказа:

обеспечить перечисление дивидендов на государственный пакет акций Общества в республиканский бюджет;

обеспечить направление электронного отчета в организацию по ведению депозитария финансовой отчетности;

опубликовать его в средствах массовой информации;

2) в течение тридцати календарных дней со дня подписания настоящего приказа опубликовать в средствах массовой информации годовую финансовую отчетность и аудиторский отчет Общества за 2017 год.

5. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на Департамент финансов Министерства труда и социальной защиты населения Республики Казахстан.

6. Настоящий приказ является решением единственного акционера Общества и вступает в силу со дня его подписания.

**Вице-министр труда
и социальной защиты
населения
Республики Казахстан**



Н. Альтаев